

Аудан әкімдігінің
отырысы

Сәрсенбі күні аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті. Аудан әкімі Нұрлан Борсықбаевтың төрағалығымен өткен жиынға аудандық мәслихат төрағасы, бөлім басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері және тиісті мекеме мамандары қатысты. Әкімдік отырысының күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды. Атап айтар болсақ, коммуналдық тұрғын үй қорына түгендеу жұмыстарын жүргізу жайында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы тасымалдау көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Сержан Төлеубекұлының баяндамасы тыңдалды. Келесі мәселе бойынша Жарма ауданының 2025 жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы – экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Назым Құбайдоллақызы Сейтқазина жан-жақты тоқталып өтті. Бұл мәселеге қосым-



ша – мемлекеттік кірістер бөлімінің басшысы Жангутдинов Мұрат Қанатұлы ақпарат берді. Ал 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттік қаражат пен трансферттердің игерілуі көтерілген мәселе бойынша – қаржы бөлімінің басшысы Нұрбану Самербекқызы Нурсапинова баяндама жасады. Жалпы аудан әкімдігінің отырысында әскерге шақырылушы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру іс-шараларын ұйымдастыру және «10 000 тұрғынға – 100 жаңа жұмыс орны» бағдарламасының орындалуы туралы жауапты сала басшылары да баяндамаларын ұсынды. Жиында күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты қаралып, тиісті мекеме басшыларына хаттамалық тапсырмалар берілді. Қабылданған шешімдердің орындалуы аудан әкімінің тұрақты бақылауында болатыны айтылып, қорытындыланды.

Өз тілшіміз.

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ

Өткен аптада еліміздің егемендігінің бастауы болып саналатын ұлттық мереке – Республика күні сән-салтанатпен аталып өтті. Аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған салтанатты жиынға аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев, мәслихат депутаттары, ардагерлер, еңбек үздіктері, жастар мен қоғам белсенділері қатысты.



Мерекелік жиында аудан басшысы Нұрлан Борсықбаев жармалықтарды Республика күнімен шын жүректен құттықтап, еліміздің өркендеуі жолында ауданның қосып отырған үлесін атап өтті.

– Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Еліміз Тәуелсіздік алған соң даму жолында тапжылмай жылжуға мүмкіндік беретін маңызды жетістіктерге жетті. Бұл жолда қол жеткізген үлкен жетістіктердің барлығына да киелі Абай елінің, оның ішінде қасиетті Жарма ауданының қосқан үлесі зор. Баршаңызды егемендігіміздің бастауы болған ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтай отырып, өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін, – деді аудан әкімі Нұрлан Мұқаметрақымұлы.

Салтанатты жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық өміріне белсенді үлес қосқан азаматтар марапат төрінен көрінді. Атап айтар болсақ, 2001 жылдан 2010 жылға дейін Жарма ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарып, 2010 жылы зейнеткерлікке шыққан Рахимбаев Аліхан Сафаұлына – Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденін табыс етті.

«Аманат» партиясы төрағасының

құрмет грамотасымен Жарма аудандық мәслихатының депутаты – Дастанов Қуат Кабиденұлы, «Аманат» партиясы төрағасының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен жеке кәсіпкер – Тұрсынғазина Марал Серіккүлқызы, Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министр-



лігінің «Су шаруашылығының үздігі» төсбелгісімен саланың ардагері – Бөтебаев Беделхан Әлімғазыұлы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен – Заманбек Естемісов, «Қазақ мәдениетінің қайраткері» төсбелгісімен – Шар қалалық мәдениет үйінің әншісі Әлия Кушер-

баева, «Абай облысына еңбегін сіңіргені үшін» төсбелгісімен – Омаров Айтұған Бектұрғанұлы, Тұрсымбекова Жанар Бөкейханқызы, Шаяхметов Қажыхан Қалихметұлы, Ясько Сергей Николеевич марапатталды.

Ал «Еңбек жолы 2025» конкурсының өңірлік кезеңіне белсене қатысқаны үшін Масалимова Гүлжан Ясынбекқызы, Амангелді Айдана Елтайқызы – облыс әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Сонымен қатар еселі еңбегімен өздерінің өлшеусіз үлесін қосып жүрген бірқатар өңірдің еңбек адамдары аудан әкімінің «Құрмет» грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталды. Шара соңында аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлап, Республика күнінің мәні мен маңызын айшықтай түсті.

Ал 25 Қазан – Республика күні ауданымызда елдік рухты көтеретін ерекше сәттердің бірі – мемлекеттік Ту кө-

теру рәсімі орталық саябақта өткізілді. Бұл игі дәстүр елімізге деген сүйіспеншілікті арттырып, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруды мақсат етті.

Шараға аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев, аудан ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, бөлім, мекеме, кәсіпорын басшылары, сондай-ақ ұстаздар мен оқушылар қатысты. Салтанатты іс-шара Мемлекеттік Әнұранды орындаумен басталды. Әнұран әуенімен қатар биікте көк Ту баяу көтерілді. Ұлтжандылық рухтағы іс-шара өнерпаз оқушылардың жалынды әндерімен жалғасып, қатысушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Ту көтеру рәсімі – тек салтанатты дәстүр ғана емес, ел рухын асқақтататын ерекше көрініс. Көк байрақтың биікте желбіреуі егемен еліміздің тұғырының мықтылығын, ұрпақтың ұлтқа деген сүйіспеншілігін арттыра түсері сөзсіз.

Кәусар Арықханқызы.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

2025 жылғы 26 қазанда өткен Жарма аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 26 қазанда бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жарма аудандық мәслихаты депутатының орнына депутат сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 1973 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 1327 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 67 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 3.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жарма аудандық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№ 8 сайлау округі бойынша

Балабаева Айгерим Бауыржановна үшін сайлаушылардың 160 дауысы берілді,

Масалім Шамысхан Ержанұлы үшін сайлаушылардың 972 дауысы берілді,

Сахариева Бакыт Дуйсеновна үшін сайлаушылардың 138 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 42;

Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жарма аудандық мәслихатының депутаты болып:

№ 8 сайлау округі бойынша – Масалім Шамысхан Ержанұлы сайланды, 1996 жылы туған, Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің "Ақтайлақ би атындағы орта мектебі" КММ-нің дене шынықтыру пәні мұғалімі, Жарма ауданы.

*Жарма ауданының
аумақтық сайлау комиссиясы.*

Абай облысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қашықтан мониторинг жүргізу арқылы кәсіпкердің құқықтары қорғалды

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қашықтан мониторинг форматында бақылау әдісін тиімді пайдаланады.

Бұл бақылау құралы мемлекеттік қызмет көрсету процесінде бұзушылықтарды алдын ала анықтауға және алдын алуға, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді.

Қашықтан мониторингті сәтті қолданудың мысалы ретінде металл сынықтарын жинау және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат алуға өтінім берген ЖШС-мен өзара іс-қимыл болды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, осы саладағы лицензиялау рәсімі бірқатар уәкілетті органдармен міндетті түрде келісуді қамтиды. Алайда, келісу процесінде келісуші орган оның құзыреті қызметтің осы түріне қолданылмайтынын мәлімдеген және келісуді ұсынудан бас тартқан жағдай туындады. Бұл ЖШС-ге рұқсат беруден бас тартуға әкелуі мүмкін.

Мұндай жағдайда Департамент қашықтан мониторинг жүргізудің арқасында мемлекеттік қызмет көрсету процесіне жедел араласты. Үкіметтің тиісті қаулысына сәйкес барлық келісуші органдар мен олардың құзыреттері нақты анықталған және мұндай уәждеме рұқсат беруден бас тартуға негіз бола алмады. Департаментпен көрсетілетін қызметті берушіге келісуші органның іс-қи-

мылының заңнамаға сәйкес еместігі туралы және егер бас тартуға басқа себептер болмаса, онда мемлекеттік қызмет көрсетілуі тиіс екендігі турады түсіндірілді.

Департаменттің араласуынан кейін ЖШС өз рұқсатын алды және процесс заң аясында аяқталды. Осылайша, Департаменттің қашықтан мониторингі мен жедел ден қоюының арқасында көрсетілетін қызметті алушының құқықтарын қорғауға және негізсіз кідірістерді болдырмауға мүмкіндік болды.

Қашықтан мониторинг мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылаудың тиімді құралдарының бірі болып табылады, ол мүмкін болатын бұзушылықтарды уақтылы анықтап қана қоймай, оларды мемлекеттік қызмет көрсету процесінде жедел жоюға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда Департамент бұзушылықтың алдын алып қана қоймай, шешімде әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз ете отырып, бизнеске рұқсат алу процесін жеделдетті.

Қазіргі уақытта, қашықтан мониторинг бюрократия мен әуре-сарсаңға қарсы күресте маңызды құралға айналуда, бұл азаматтар мен бизнестің мемлекеттік жүйеге деген сенімін арттырады.

*ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Абай облысы бойынша департаменті.*

В области Абай защищены права предпринимателя путем удаленного мониторинга качества оказания государственных услуг

Департамент Агентства РК по делам государственной службы по области Абай эффективно использует удаленного мониторинга за качеством оказания государственных услуг в области Абай.

Данный инструмент контроля способствует заблаговременно выявлять

и предотвращать нарушения в процессе оказания государственных услуг а также защищать права услугополучателей.

Примером успешного применения удалённого мониторинга стало взаимодействие с ТОО, которое подало заявку на получение разрешения на осуществление деятельности по сбору и реализации металлолома.

Согласно действующему законодательству, процедура лицензирования в этой области включает обязательное согласование с рядом

уполномоченных органов. Однако, в процессе согласования возникла ситуация, где согласующий орган заявил, что его компетенция не распространяется на данный вид деятельности и отказался от предоставления согласования. Это могло привести к отказу в выдаче разрешения ТОО.

В такой ситуации Департамент, благодаря удалённому мониторингу, оперативно вмешался в процесс оказания гос. услуги. Согласно решению правительства, все согласующие органы и их компетенции были чётко определены, и такая мотивировка не могла стать основанием для

отказа в выдаче разрешения. Департаментом услугодателя дано разъяснение о несоответствии действия согласующего органа законодательству, и если других причин для отказа нет, то государственная услуга должна быть оказана.

После вмешательства Департамента, ТОО получило свое разрешение, и процесс был завершён в рамках закона. Таким образом, благодаря удалённому мониторингу и оперативному реагированию Департамента, удалось защитить права услугополучателя и избежать безосновательных задержек.

Удалённый мониторинг представляет собой один из эффективных инструментов для контроля качества оказания государственных услуг. Который позволяет не только своевременно выявлять возможные нарушения, но и оперативно устранять их в процессе оказания государственной услуги. В данном случае Департамент не только предотвратил ошибку, но и ускорил процесс получения разрешения для бизнеса, обеспечив справедливость и законность в решении. В настоящее время, удалённый мониторинг становится важным инструментом в борьбе с бюрократией и волокитой, что повышает доверие граждан и бизнеса к государственной системе.

*Департамент Агентства РК по делам
государственной службы по области Абай.*

Ойын алаңы ашылды



Республика күні мерекесі қарсаңында Кеңтарлау ауылында шағын футбол алаңы мен балалар ойын алаңы пайдалануға берілді. Бұл ойын алаңдары ауыл әкімі Нұржан Зайырбековтың бастамасымен Кеңтарлау ауылында жергілікті тау-кен саласындағы кәсіпорындардың қолдауымен салынып, ел игілігіне беріліп отыр. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында атқарылған бұл жұмыс ауыл балаларының спортқа деген ынтасын арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Ауыл тұрғындарын қуанышқа бөлеген айтулы ойын алаңдарының салтанатты ашылуы рәсімінде аудан әкімінің орынбасары Райым Нұрғалиев қатысып, құттықтау тілегін білдірді. Аудандық мәслихаттың төрағасы Мейірхан Оспанбаев, білім бөлімінің басшысы Данияр Ақзамов және округ әкімі Нұржан Зайырбекұлы құттықтауларымен бөлісіп, балалардың игілігіне жасалған іске қолдау танытқан кәсіпорындарға алғыстарын білдірді.

Аудандық мәслихат төрағасы Мейірхан Мелсұлы округ әкімдігінің әлеуметтік әріптестік аясындағы жұмысты нәтижелі үйлестіріп жүрген жауапты ісін жоғары бағалады. Жаңадан ашылған футбол ойын алаңына ауылдың ақ жаулықты аналары шашу шашты.

Есігі айқара ашылған ойын алаңында ауданның бірнеше командалары басқосып, достық ойындарымен жалғастырды. Ауылдың үлкен-кішісі көрермен болып, ел ішін думанға бөлеген шарада мектеп ұстаздары да ризашылықтарын білдірді. Мектеп мұғалімдері спорттық шаралармен қатар, дене шынықтыру сабағы да жаңа ойын алаңында өткізіп отыруға берілген мол мүмкіндік екенін айтуда.

К.Шынбат.

Ауылшаруашылық малдарын бірдейлендіруден өткізу

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабында көрсетілген талаптары бойынша. Жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері

Жеке және заңды тұлғалар: ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге; ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге; ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығына сәйкес

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруден өткізу мақсаты диагностикалық зерттеулер нәтижелерін және оны аса қауіпті адамдармен жануарларға ортақ ауруларға қарсы ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді жануардың жеке нөмірін АЖБ дерекқорына енгізу.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруден өткізу принциптері ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру-дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу жұмысы болып табылады.

ҚР «Ветеринария туралы» Заңың және Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығының талаптарын бұзған тұлғалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 406-бап. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз.

М. Рахимбеков, Абай облысы ветеринария басқармасының ШЖҚ «Облыстық ветеринариялық қызмет» КМК Жарма ауданы бойынша бөлімі.

ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР – ҚЫРКҮЙЕК АЙЛАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ



2025 жылдың қаңтар – қыркүйек айларының қорытындысы бойынша Жарма ауданының барлық салаларында 590 363,6 млн. теңгені құрайтын өнімдер өндіріліп, жұмыстар мен қызметтер атқарылды. 2024 жылдың сәйкес деңгейімен салыстырғанда өсім 160 851,1 млн. теңгені немесе 137,4%-ды құрады (2024 жылғы 9 ай – 429 512,5 млн. теңге).

Жалпы экономика құрылымында өнеркәсіптік өнім өндірісіне – 81,9%, ауыл шаруашылығының жалпы өніміне – 5,3%, инвестиция түсіміне – 4,5%, бөлшек тауар айналымына – 3,5%, көтерме саудаға – 1,0%, құрылыс жұмыстарына – 3,9% тиесілі.

Өнеркәсіп өнімі:

Өнеркәсіп өнімі көлемі бойынша жеткізілген облыстық жоспар тапсырма - 420 795,7 млн. теңге, нақты өндірілген өнім көлемі - 483 433,2 млн. теңге, жоспар – тапсырманың орындалуы – 114,9%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 158,3%. Нақты көлем индексі - 100,5%.

Оның ішінде тау – кен өнеркәсібінің көлемі бойынша: жеткізілген жоспар тапсырма – 400 257,8 млн. теңге, нақты өндірілген өнім көлемі - 449 874,7 млн. теңге, жоспар – тапсырманың орындалуы – 112,4%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 158,1%. Нақты көлем индексі - 97,4%.

*Тау-кен өндіру саласында нақты көлемнің төмендеуінің негізгі себебі - құрамында алтын бар кендер көлемінің төмендеуіне байланысты, «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны»).

Аталған салада құрамында алтын бар кендер, құрамында алтын бар концентраттар («Бақыршық тау-кен кәсіпорны»), «АС Горняк», «ГМК Васильевское», әктас және гипс («Асар Инвест») өндіріледі.

Өңдеу өнеркәсібінің көлемі бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 20 537,9 млн. теңге, нақты өндірілген өнім көлемі - 29 108,4 млн. теңге, жоспар тапсырманың орындалуы - 141,7%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 168,6%. Нақты көлем индексі - 153,2%.

Өңдеу саласында клинкер, цемент («Шарце»), алтын («Бақыршық тау-кен кәсіпорны»), «АС Горняк», «ГМК Васильевское») және орталықтан тепкіш сорғылар («Георгиевка сорғы жабдықтау зауыты») өндіріледі.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі:

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 29 077,1 млн. теңге, нақты өндірілген өнім көлемі - 31 028,9 млн. теңге, жоспар тапсырманың орындалуы – 106,7%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 112,6%. Нақты көлем индексі - 103,6%.

Мал шаруашылығында өндірілген өнім көлемі - 23 715,1 млн. теңге, 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 121,6%. Нақты көлем индексі - 101,2%.

Есепті кезеңге 9 950,6 тонна ет (100,8%), 30 234,2 тонна сүт (101,9%) өндіріліп, 2 297,5 мың дана жұмыртқа (80,2%) алынды.

Ірі қара мал саны - 90 564 бас (2 311 басқа

немесе 2,5% - ға кеміді), жылқы саны – 46 081 бас (4 382 басқа немесе 8,7% - ға кеміді), қой мен ешкі – 206 534 басты құрады (6 662 басқа немесе 3,1% - ға кеміді).

*Мал басының кемуінің негізгі себебі халықтың және шаруа қожалықтарының малды тірі салмақта сатуы болып табылады.

Өсімдік шаруашылығында өндірілген өнім көлемі - 7 302,2 млн. теңге, 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны – 90,7%. Нақты көлем индексі – 112,0 пайыз.

*Аудан бойынша барлық егістік алқабы көлемі – 81,0 мың гектар, оның ішінде ағымдағы жылы игерілгені 37,4 мың гектарды құрап, өткен жылдың деңгейінен 8,5 мың гектарға немесе 29,2%-ға артты (2024 жылы игерілгені – 28,9 мың гектар).

Бүгінгі күнге 6 539 гектар дәнді дақылдар алқабы 100,0% орылып 7 558 тонна өнім жиналды, әр гектардан түсім орта есеппен 11,6 центнерді құрады (2024 жылы – 5 231 гектардан 5 130 тонна жиналып, түсім - 1 га /9,8 ц.).

*Майлы дақылдар алқаптарында жинау жұмыстары жалғастырылуда.

Негізгі капиталға инвестициялар:

Негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша: жеткізілген жоспар тапсырма – 55 143,8 млн. теңге, нақты инвестициялар көлемі - 26 504,0 млн. теңге, жоспар – тапсырманың орындалуы – 48,1%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 63,8%. Нақты көлем индексі - 63,6%.

*Негізгі инвестиция түсімін құраушы «Қазавтожол» ЖШС-гі болып табылады, 2024 жылғы 9 айда бұл кәсіпорынның инвестиция көлемі 22,8 млрд. теңгені құрап немесе аудан инвестициясының 55%-ын құрады.

Быылғы жылдың 9 айында бұл кәсіпорыннан 10,9 млрд. теңге инвестиция түсіп 11,9 млрд. теңгеге кеміген (аудан инвестициясының 41,1%-ын құрады).

Жоспар – тапсырма негізсіз аса көтеріңкі.

Құрылыс жұмыстарының көлемі:

Құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 25 000,0 млн. теңге, нақты жұмыстар көлемі - 22 734,5 млн. теңге, жоспар – тапсырманың орындалуы – 90,9%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 66,2%. Нақты көлем индексі - 65,6%.

*Негізгі себеп – республикалық маңызы бар Қалбатау – Көкпекті автожол бөлігінің қайта жарактауында құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі кеміген.

Жоспар – тапсырма негізсіз аса көтеріңкі.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру:

Пайдалануға берілетін тұрғын - үйлер көлемі бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 7 700 шаршы метр, нақты еңгізілген тұрғын - үйлер көлемі - 6 355 шаршы метр, жоспар – тапсырманың орындалуы – 82,5%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 87,5%.

*21 үй немесе 42 пәтер жалдамалы тұрғын үйлер (3 606 шаршы метр): Қалбатау ауылында – 15 үй немесе 30 пәтер (2478 шаршы метр), Шар қаласында - 4 үй немесе 8 пәтер (752 шаршы метр), Бірлік

ауылында - 2 үй немесе 4 пәтер (376 шаршы метр); Жеке тұрғын-үй салушылар есебінен (2 749 шаршы метр): Қалбатау ауылында – 890 шаршы метрді құрайтын 5 үй; Бірлік ауылында – 430 шаршы метрді құрайтын 3 үй; Жаңғызтөбе кентінде – 337 шаршы метрді құрайтын 2 үй; Салқынтобе ауылында – 155 шаршы метрді құрайтын 1 үй; Қапай батыр ауылында – 655 шаршы метрді құрайтын 3 үй, Әуезов кентінде – 157 шаршы метрді құрайтын 1 үй, Қоңырбиік ауылында – 125 шаршы метрді құрайтын – 1 үй).

Бөлшек тауар айналымы:

Бөлшек сауда көлемі бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 22 992,8 млн. теңге, нақты көрсеткіш көлемі - 20 627,7 млн. теңге, жоспар – тапсырманың орындалуы – 89,7%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 112,4%. Нақты көлем индексі - 103,0%.

*Жоспар – тапсырма аса көтеріңкі.

Көтерме сауда көлемі:

Көтерме сауда көлемі бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 2 710,6 млн. теңге, нақты көрсеткіш көлемі - 6 035,3 млн. теңге, жоспар – тапсырманың орындалуы – 2,2 есеге артты. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 2,6 есеге, нақты көлем индексі - 2,5 есеге артты.

Шағын және орта кәсіпкерлік:

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны бойынша: жеткізілген жоспар – тапсырма – 2 562 бірлік, нақты субъектілер саны - 2 385 бірлік, жоспар – тапсырманың орындалуы – 93,1%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 97,9%.

*Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері көрсеткішінің төмендеуі 2024 жылы 400 АЕК мөлшерінде грант алуға үміткер болып жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, бірақ аталған гранттарды ала алмаған тұлғаларға тиесілі. Бүгінгі таңда оларды есептен шығару бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«АДК-Групп» (қызмет түрі: басқа топтамаларға енгізілмеген инженерлік құрылыстар салу) серіктестіктері Астана қаласынан Жарма ауданына тіркеліп, бюджетке қосымша 6 110,2 мың теңге түсті;

- қаңтар-қыркүйек айларында жалпы аудан бойынша 47 жеке кәсіпкердің мүліктеріне қайта бағалау жүргізіліп, жалпы бағалау құны 173 204,4 мың теңгені құрап, өткен жылдан 104 873,6 мың теңгеге өсті. Аудан бюджетіне мүлік салығы бойынша қосымша 2 769,5 мың теңге түсті.

Инвестициялық жобалар мен күрделі жөндеу жұмыстары

Ауыз сумен қамтамасыз ету шеңберінде Сулусары ауылында су құбыры желілерінің құрылысы (Ұлттық қор есебінен), сондай-ақ Қалбатау ауылында және Жаңғызтөбе кентінде (Республикалық бюджет) су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Спорт инфрақұрылымын дамыту аясында Қалбатау ауылында жүзу бассейнінің (Республикалық бюджет, «Ауыл – Ел бесігі») және стадионның (Ұлттық қор есебінен /Облыстық бюджет, «Ауыл – Ел бесігі») құрылысы басталды.

Шар қаласында бассейнінің құрылысы жүргізілуде (Ұлттық қор есебінен).

Жаңғызтөбе кентінде спорттық модульдің құрылысы бойынша жұмыстар атқарылуда (Облыстық бюджет).

Жол жөндеу жұмыстары шеңберінде «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Қалбатау ауылындағы Ауэзов (1,6 км), Исаков (0,9 км) және Мұстанбаев көше (1,4 км) жолдарының орташа жөндеу жұмыстары аяқталуда.

Аудандық маңызы бар Жаңғызтөбе – Жарық (11,9 км) автожолының 2024 жылы басталған орташа жөндеу жұмыстары жалғастырылып, аяқталу кезеңінде.

Қалбатау ауылы мен Шар қаласының



Меншікті кірістер:

Меншікті кірістер көлемі бойынша: нақтыланған болжам – 6 655,4 млн. теңге, нақты түсім көлемі - 6 661,6 млн. теңге. Болжамның орындалуы – 100,1%. 2024 жылдың 9 айына өсу қарқыны - 112,8%.

Алгоритм шеңберінде ауданның бюджетіне қосымша резерв іздестіру жұмыстары бойынша 28,3 млн. теңге түсті:

- көлік құралдарына салынатын салық бойынша жеке сот орындаушысы арқылы 7 адамнан 120,2 мың теңге берешек өндірілді;

- «Горэнергострой» ЖШС-і Семей қаласынан Жарма ауданына тіркеліп, бюджетке қосымша 2 131,3 мың теңге салық түсті (қызмет түрі: электрмонтаждық жұмыстар);

- «Шұғыла кенті» мен «Шұғыла Gold» серіктестіктері Өскемен қаласынан Жарма ауданына тіркеліп, бюджетке қосымша 17 181,7 мың теңге түсті (қызмет түрі: бағалы металлдар мен сирек кездесетін металлы кендерін өндіру);

- «ФК Центральная аптека» (қызмет түрі: дәрілік заттардың бөлшек саудасы) мен

жолдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жылумен қамтамасыз етуде Шуақ ауылында жылыту трассасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, жұмыстар аяқталу сатысында (Облыстық бюджет).

Шуақ ауылындағы өнеркәсіптік қазандықтың КВ-Ф-7,56 қазанына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Абаттандыру жұмыстары бойынша Қалбатау ауылында автотұрақ пен жаяу жүргіншілер тротуарын орнату жұмыстары аяқталды.

Шар қаласында мини-футбол және воркаут алаңдарын орнату, сондай-ақ Теміржолшылар скверін абаттандыру жұмыстары жүргізілуде (Облыстық бюджет).

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту аясында Шар қаласының Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды (Облыстық бюджет).

Н. Сейтказина, Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Бала - ата-ана айнасы



«Бала – ата-ананың айнасы» дейді халық даналығы. Бұл сөздің мәні тереңде. Себебі баланың әрбір қимылы, сөйлеген сөзі мен мінезі — ата-анасының тәрбиесі мен үлгісінің көрінісі. Баланың бойындағы ізгі қасиеттер де, мінезіндегі кемшіліктер де отбасындағы қарым-қатынастан қалыптасады, бастау алады. Бала – елдің ертеңі, ұлттың болашағы. Сондықтан оның құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дұрыс тәрбие беру – қоғамның ең басты міндетінің бірі. Қазақстан Республикасының заңдарында бала құқығын сақтау ерекше назарда. Себебі, баланың еркін дамуымен тұлға ретінде қалыптасуы оның құқығының қорғалуына тікелей байланысты.

Бала құқықтары туралы Конвенцияда әр баланың өмір сүруге, білім алуға, демалуға, өз ойын еркін айтуға құқығы бар екені атап көрсетілген. Алайда кей ата-ана тарапынан немесе қоғам ішінде бұл құқық ескерілмей жатады. Бала тәрбиесі – тек мектептің емес, ең алдымен отбасының жауапкершілігі. Үйдегі тәртіп пен сүйіспеншілік баланың мінез-құлқын, адамгершілігін қалыптастырады. Ал мектеп пен ұстаздар – сол тәрбиеге бағыт беруші.

Бүгінгі таңда оқушылар арасында өзара сыйластық пен тәртіпті сақтау мәдениеті маңызды рөл атқарады. Баланың мінез-құлқы оның алған тәрбиесіне, қоршаған ортасына тікелей байланысты. Тәртіпке баулу арқылы біз жауапкершілік пен адамгершілікті ұялатамыз. Бала құқығын қорғау мен тәртіпке баулу – бір бірімен тығыз байланысты ұғым. Егер әр бала өз құқығын билесе және өзгелердің де құқығын құрметтей білсе, қоғамда әділдік пен сыйластық орнайды.

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі елдің иесі. Сондықтан әрбаланың құқығы қорғалып, тәрбиесі жоғары болса, еліміздің болашағы да жарқын болмақ. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, бала үшін тәрбиеде әке орны тым ерек. Бірақ қоғамнан артта қалмас үшін әкелеріміз күні-түні жұмыс жасайды. Кей бала дұрыс түсініп, анасының айтқанымен дұрыс жолмен жүріп өтеді, ал кей бала үшін балалық шағының мәңгі өтуіне махаббат жетіспеушілікке алып келеді. Ана үшін бұл оңайға соқпасы анық. Тәрбиеден бұрын балаға кішкентайынан махаббатқа бөленуі қажет. Ата-ананың балаға деген махаббаты жылулық пен мейірімге толы болса, ол шаңырақтан өзіне сенімді, өз құқығын қорғай алатын сана-сезімі тұзу, ой өрісі кең ұл мен қыздың шығары анық. Алайда қазіргі таңда екінің бірі ажырасып, бір отбасында тұрса да бөлек адамдай араласып жүретіні жасырын емес. Оның бала әлсіздігіне немесе ашуланшақ агрессивті болуына ықпалын тигізгізгізсіз. Үй ішіндегі жанжал, ене мен келін арасындағы келіспеушіліктің, түсініспеушіліктің, әкенің ащы сүмен байланысы, отбасылық қызғаныштың болуы, ананың өз құқығының болмауы, көзінен аққан жастың орын алуы балаға кері әсерін тигізбей қоймас.

Бала ортада өзін бақытты сезініп, мәдениет пен тазалықты, отбасы махаббатын бойына сіңіріп өсер болса, қоғамда алар орны ерекше болмақ. Әр ата-ана баласына қандай тұлға қалыптастырғысы келсе, соған лайық әрекет етуі керек. Себебі баланың бойындағы мейірім, тәртіп пен ізгілік – отбасындағы тәрбие мен сүйіспеншіліктің жемісі.

К. Шынбат.

ДІН МЕН ЗАҢНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ТӘРБИЕГЕ ӘСЕРІ

Қазіргі заманда адамзат өркениетінің даму бағыты материалдық және рухани құндылықтардың өзара байланысына ерекше назар аударуды қажет етеді. Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар азаматтардың мәдени және моральдық деңгейімен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, тәрбие жүйесінің негізгі тіректері болып табылатын дін мен заңның қоғамдағы рөлі ерекше маңызға ие. Дін – адамның рухани болмысын тәрбиелесе, заң – оның қоғамдық мінез-құлқын реттейтін әлеуметтік тетік. Екеуі де адамды ізгілікке, әділдікке, жауапкершілікке баулиды.

Дін адамзат тарихында ең көне әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Ол адам мен қоғам арасындағы рухани байланысты қалыптастырады, адамның ішкі жан дүниесін тазартуға, адамгершілікке жетелеуге бағытталған. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі, жүрек тазалығы мен ар-ожданды сақтау. Ислам діні, христиандық, буддизм немесе өзге де ілімдер болсын, барлығының түпкі мәні – адамды ізгілікке шақыру. Исламдағы «Иман» ұғымы сенім ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық мәдениетін де қамтиды. Мұсылман адам өз іс-әрекетінде әділдік, сабырлық, қайырымдылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттерді ұстануға міндетті.

Қоғамдағы тәрбие жүйесінде діннің рөлі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы да көрініс табады. Қазақ халқының дүниетанымы мен өмір сүру салтында діннің тәрбиелік ықпалы зор болды. Мысалы, қазақтың мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерінде имандылық, әділдік, еңбексүйгіштік, отбасылық береке сияқты құндылықтар дәріптеледі. «Иманды елдің ұлы бірлікшіл келеді» деген нақыл – дін мен тәрбие сабақтастығының айғағы. Осы тұрғыдан дін – ұлттық тәрбиенің іргетасы, моральдық құндылықтардың қайнар көзі.

Ал заң – қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз ететін негізгі құрал. Заң – адам мен қоғам арасындағы қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеп, әділдікті қамтамасыз етеді. Заңның тәрбиелік мәні оның мәжбүрлеуші күшінде емес, әділдік пен жауапкершілік принциптерінде жатыр. Құқықтық нормаларды сақтау арқылы адам қоғам алдындағы міндетін орындайды, өз құқығын қорғап, өзгелердің құқығын құрметтеуді үйренеді. Сондықтан құқықтық тәрбие – азаматтық мәдениеттің өзегі.

Мемлекет үшін заңның тәрбиелік рөлі ерекше. Әсіресе жас ұрпақ арасында құқықтық сауаттылықты арттыру – қоғамның болашағына салынған инвестиция. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық білім беру, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылыққа қарсы сана қалыптастыру – бұл мемлекеттің стратегиялық міндеті. Заңның қағидаларын ұғынған азамат қылмысқа бармайды, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарайды. Осы тұрғыдан заңның тәрбиелік күші – қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Дін мен заңның өзара байланысы олардың түпкі мақсаттарының ұқсастығында жатыр. Екеуі де адам өмірін

реттейді, мінез-құлық мәдениетін қалыптастырады, қоғамда тәртіп пен үйлесімділікті орнатуға қызмет етеді. Дін – адамның ішкі рухани әлемін тәрбиелеп, ар-ожданын қалыптастырса, заң оның сыртқы әрекетін реттейді. Егер дін – адамды Алла алдында жауапкершілікке тәрбиелесе, заң – қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін орындауға бағыттайды. Осы екі жүйенің үйлесімі арқылы толыққанды азамат тәрбиеленеді.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі ұстанымы – дін мен заңның үйлесімді өмір сүруіне негізделген. Конституцияда ар-ождан және діни сенім бостандығы бекітілгенімен, діни қызмет заң аясында реттеледі. Бұл қағида мемлекет пен діннің өзара шекарасын айқындап, діннің қоғамдағы тұрақтылыққа қызмет етуіне мүмкіндік береді. Мемлекет дінге араласпайды, бірақ қоғамдағы дін атын жамылған радикалды, экстремистік әрекеттерге заң жүзінде тосқауыл қояды. Бұл – зайырлылық принципінің басты талабы.

Зайырлылық – дінге қарсы ұғым емес, керісінше, діннің еркін және бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ететін құқықтық негіз. Қазақстандағы дінаралық келісім мен толеранттылық – осы ұстанымның жемісі. Ел ішіндегі әртүрлі конфессия өкілдері өзара түсіністік пен құрмет негізінде өмір сүріп келеді. Бұл тәжірибе дін мен заңның қоғамдағы тәрбие мен бейбітшілікті сақтаудағы тиімді бірлігін көрсетеді.

Сонымен қатар қазіргі ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер дін мен заңның тәрбиелік рөлін одан әрі күшейтуді қажет етеді. Әлеуметтік желілер мен медиа арқылы таралатын радикалды идеялар, теріс ағымдар қоғамдағы жастар санасына әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда дін саласындағы сауатты түсіндіру жұмыстары мен заңдық реттеу шаралары қатар жүргізілуі тиіс. Бұл бағытта имамдар мен теологтардың, құқық қорғау органдары мен білім беру мекемелерінің бірлескен жұмысы аса маңызды.

Тәрбиелік тұрғыдан дін мен заңның өзара байланысын мынадай үш деңгейде қарастыруға болады: біріншіден, жеке тұлғалық деңгейде дін адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады; екіншіден, әлеуметтік деңгейде заң қоғамдағы әділеттілік пен тәртіпті қамтамасыз етеді; үшіншіден, мемлекеттік деңгейде бұл екі институт елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға қызмет етеді.

Қорытындылай келе, дін мен заң – қоғамдағы тәрбие жүйесінің өзара тәуелді әрі толықтырып тұратын екі маңызды институты. Дін – адамның ішкі сенімін, ар-ұждан мен тәрбиелейді, ал заң оның мінез-құлқын қоғамдық талаптарға сай реттейді. Екеуінің үйлесімді ықпалы – рухани бай, құқықтық сауатты, жауапкершілігі жоғары азамат қалыптастырудың кепілі. Сондықтан қазіргі қоғамда дін мен заңның тәрбиелік әлеуетін үйлестіріп пайдалану – ұлттық сана мен мемлекеттік бірлікті нығайтудың тиімді жолы. Дінсіз қоғам – рухани әлсіз, ал заңсыз қоғам – тәртіпсіз. Демек, дін мен заңның бірлігі ғана қоғамның тұрақтылығы мен өркениетті дамуының негізі бола алады.

Ұлмекен Перден, теолог маман.

НЬЮКАСЛ АУРУЫ

Ньюкасл ауруы (nb, құстардың псевдочумасы) - өте жұқпалы вирустық инфекция, құстардың барлық түрлеріне әсер ететін парамиксовирустың алғашқы серотипінен туындайды. Ауру әлемнің барлық аймақтарында тіркеледі.

Қоздырғыштың көзі және инфекцияның таралуының негізгі жолдары. Инфекция көзі-ауру және ауру құс. Мұрыннан, тұмсықтан және көзден секрециялар, сондай-ақ нәжіс пен қан жұқпалы болып табылады. Вирустың бөліну ұзақтығы 26-дан 40 күнге дейін болуы мүмкін. Инфекцияның негізгі кіру қақпасы-мұрын шырышты қабаттары, конъюнктивалар, ауыз қуысы.НБ вирусы әртүрлі жолдармен таралады:

1) тірі құстардың қозғалысы, жабайы, экзотикалық, қоныс аударатын көгершіндер, коммерциялық үй құстары;

- 2) жабайы жануарлар;
- 3) адамдар мен жабдықтардың қозғалысы;
- 4) құс шаруашылығы өнімдерінің қозғалысы;
- 5) ауа арқылы таралу;
- 6) азықтың ластануы;
- 7) судың ластануы.

Ең көп таралған берілу жолы-ауру және сау құс арасындағы байланыс.

Клиникалық көрініс. Аурудың клиникалық көрінісінің төрт түрі сипатталған.

Біріншісінде-велогендік формада депрессия, әлсіздік, тыныс алу функциясының бұзылуы, қан араласқан Сулы Жасыл нәжістің пайда болуымен диарея байқалады; тремор. Өлім-жітім 90% жетеді.

Аурудың екінші түрі негізінен тыныс алу органдарының (жөтел, тұншығу) және жүйке жүйесінің зақымдалуымен сипатталады. Өлім-жітім 10-нан 50% - ға дейін.

Аурудың үшінші түрі тыныс алу және герминативті жолдардың шамалы зақымдалуымен көрінеді.

Төртінші - асимптоматикалық форма клиникалық белгілерсіз жүреді.



Зертханалық зерттеу үшін:

1) бас, өкпе, трахея, ішек және көкбауыр

2)2-3 апта аралығымен бірдей құстардан алынған қан сарысулары жақсы жұпталған.Диагностика. Эпизоотиялық жағдайды, клиникалық және патологиялық көріністі зерттеңіз. Зертханалық зерттеулер өте маңызды - СЕ-де вирустың окшаулануы, оны RTNA - да анықтау, СЕ және тауықтардағы вируленттілікті анықтау және RTNA-да сарысудағы антиденелерді анықтау. Nb ИБК, ИББ, тұмау, PMV-2, ILT және құс микоплазмозынан ажыратылуы керек.

Иммунитет және нақты алдын-алу. Табиғи түрде ауырған немесе вакцинацияланған құс иммунитетке ие болады, оның ұзақтығы мен қарқындылығы құстың жасына, вирустың биологиялық қасиеттеріне және оны ағзаға енгізу әдісіне байланысты.

М. Рахимбеков, Жарма ауданы бойынша ветеринария бөлімінің ветеринары.

ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ

ДЕНЬ В КАЗАРМЕ – ЗДРАВСТВУЙ
ЮНОСТЬ В САПОГАХ

В регионах страны активно осуществляется военно-патриотическая работа по реализации поручений главы государства по повышению престижа армейской службы и мотивации казахстанской молодежи к выполнению воинского долга и конституционных обязанностей. В рамках указанной работы проходит множество различных встреч и акций, в том числе с участием учащейся молодежи. Одно из таких мероприятий под тематикой «Один день в казарме» прошло в канун государственного праздника Дня Республики для учащихся 10-11 классов образовательных школ района в воинской части 47007, расположенной вблизи поселка Жангизтобе.

В течение трех дней (с 21 по 23 октября) гостями воинского подразделения стали старшеклассники средних школ сел Жарык, Бирлик, Ушбик, Капанбулак, Кызылагаш, Калбатау, Шалабай, Карасу, Каратобе, поселков Жангизтобе, Жарма, Ауэзов, Сукбулак, города Шар. Учащиеся с раннего утра собирались у контрольно-пропускного поста части, отделениями проходили внутрь – в строгом порядке, согласно установленным правилам. Школьники и военнослужащие срочной службы в эти дни приветствовали командир воинской части подполковник Аслан Угышев, аким района Нурлан Борсукбаев, председатель маслихата Мейирхан Оспанбаев, заместитель акима района Сакен Сатпеков. В мероприятии также приняли участие начальник Департамента по делам обороны области Абай полковник Руслан Омаров, начальник отдела по делам обороны, подполковник Меирхат Саябаев, руководители отделов образования и внутренней политики Данияр Акзамов и Дина Ауеспаева, ветераны боевых действий в Афганистане Н.Траиспаев, С.Абильпеисов, А.Скаков, Е.Сылдырбаев, К.Бабаев, К.Мапетов.

А дальше начиналось все самое интересное, думается, и для юношей – будущих призвыников казахстанской армии. Первоначально их провели на так называемую приказарменную учебно-материальную базу, представляющую собой комплекс специально оборудованных мест на территории части, предназначенных для практических занятий, тренировок и отработки нормативов боевой подготовки. Экскурсанты побывали на учебных площадках по специальной, огневой и тактической выучке, где солдаты срочной службы продемонстрировали навыки стрельбы из автомата Калашникова в положении стоя, сидя и лежа, с применением закрытых позиций, умение грамотно и оперативно оказать первую медицинскую помощь товарищу в ходе полученного ранения, а также вести боевые действия в траншейных сооружениях или укреплениях, подготовленных для улучшения условий стрельбы и защиты воинского контингента.

Следующий этап дня открытых дверей прошел на армейском плацу. Здесь ребятам представили основные виды вооружения и военной техники, которые они преимущественно могли

